

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ II

Ильдико де Папп Каррингтон
«Арындылар: жерасты ағысы»



Ильдико де Папп Каррингтонның «Арындылар: жерасты ағыс» атты еңбегіне арналған дәрісімізді бастаймыз. Ең алдымен туынды авторы жайлы қысқаша мәлімет бере кетейік. Ильдико де Папп Каррингтон канадалық және америкалық әдебиет сыншысы. АҚШ, Иллинойс штаты өнер кеңесінің «Ең үздік шағын әңгімелер» марапатының иегері, сонымен қатар, «Sou'wester» журналының новеллалар конкурсының жеңімпазы.

Негізгі бөлім

Ильдико де Папп Каррингтон бұл еңбегінде Элис Манроның шығармаларына талдау жасайды. Естеріңізге сала кетейік, біз Элис Манро жайлы бұған дейінгі дәрістеріміздің бірінде, атап айтқанда, Мириам Кларктің Элис Манроның «Carried Away» әңгімесіне жасаған талдауына негізделген дәрісімізде айтқан болатынбыз. Сондықтан сіздерге бұл автор бұрыннан таныс десек те болады. Каррингтон Фрейдтың «A Child is Being Beaten» қазақша баламасы «Сәбиді сабап жатыр» деген эссесін негізге ала отырып, оны Манроның балаларды ұру жайлы әңгімелерімен салыстыра отырып талқылайды.

Ильдико де Папп Каррингтон жазушының шығармаларына мынадай сипаттама береді: «Элис Манроның әңгімелері өзін бақылау мәдениеті мен эмоционалдық тежеусіздіктің арасындағы шиеленісті суреттейді. Манроның көркем шығармаларында, мұндай тежеудің ақырында бақылаудың мәдени тәртібін екіге жаратын алапат қатігездік сипаты көрініс табады және ол азапты сезімдер мен жағымсыз энергияларға жол береді. Манроның шығармаларының өн бойынан қатыгездікті көруге болады: сәбилерді сабаудан бастап, мүмкіндігі шектеулі жандарды балардың өлтіруіне дейін». Каррингтон Манроның шығармаларындағы немқұрайлы бақылаушылар бақылайтын оқиғалар неліктен көбінде құпиялы және жасырын болып келетіндігінің себебін, Манро тәрбиеленген шотланд-ирланд протестанттық мәдениетінің негізгі құндылықтарында деп түсіндіреді.

Манро тәрбиесіндегі протестанттық мәдениеттің ерекшеліктері қандай еді?

Бұл мәдениеттің негізгі құндылықтарының бірі – протестанттықтардың адам мүмкіндіктерінің шегінен асып кететін, физикалық-эмоционалдық тұрғыда өзін-өзі бақылауы. Протестанттардың мұндай ерекшеліктері туралы Манро 1979 жылы жазған «A Better Place Than Home», «Үйге қарағанда жақсырақ жер» атты әңгімесіндегі эпизоттары арқылы суреттеп жазады.

Мұндай шексіз ұстамдылық пен өзін бақылау, Манроның шотланд-пресвитериан атасына да тән еді. Атасы туралы жазушы «Working for a Living» қазақша «Күнкөріс» әңгімесінде «тәртіпті, үнсіз, оқшау өмір сүрді» және баласына «ешқашан сөйлемейтін» деп, ал өзінің әжесін осыған өте ұқсас мәнерде, «Winter Wind» қазақша аудармасы «Қыстық жел» әңгімесінде «өзін-өзі тәрбиелеген әйел» және «жер қозғалса да қозғалмайтын адам» деп сипаттайды. Сонымен қатар, «The Stone in the Field» – «Алаңдағы тас» деген шығармасында Манро аса ұяң, күйеуге тимеген әпкесі үн-түнсіз, қиын, қажымас еңбекпен күн өткізеді және ол ұжымға қарсы келетін кез келген шешімді, тіпті еңбекті жеңілдететін ауылшаруашылық техникасын сатып алудың өзін, «әдептілік пен өзін бақылаудың жетіспейтіндігінің... қатерлі белгісі» ретінде қабылдайды деп суреттейді. Мұндай өзін-өзі бақылау қасиеті Манроның өз бойында да бар, ол физикалық жинақылықты өзінің жазуының аса қажетті қасиеті деп белгілейді.

Журналистерге берген бір сұхбатында, Манро: «мен жазған кезде қарсы бағытқа ылдилап кететін қабырғаға қарап отырып жазамын; солайша, өзімді «жұдырықтай жұмулы, өте жинақы» сезіне аламын, «Маған солай ұнайды» десе, тағы бір жазбасында ол «ағаштардың ортасында болу, әлдебір жып-жылы жерде болу секілді» деп жазады. Бұл физикалық тұрғыда жабық атмосфера, сонымен қатар, эмоционалдық жинақылықты білдіреді, ал ұстамдылық ең негізгі артықшылық ретінде бағаланады. Ұстамды болмау жинақы және жабық қауымдастықтан тыс қалу дегенді білдерді. Десе де Манро сондай қатаң үнсіз ұстамдылық пен өзін бақылаудың да шегі болатынын жиі көрсетеді.



Манроның шығармаларындағы готикалық оқиғалардың көрініс табуы

Оның шығармаларындағы сырт қарағанда ұстамды, берік кейіпкерлері, ара тұра күтпеген жерден тұтанып, сұрапыл сезімдерін жайып салып жатады. Манро өз кейіпкерлері жайлы былай деп жазады: «Бұл адамдар сырттан қарағанда өте ұстамды, өте-мөте сақ. Өмір деген бірқалыпты өтіп жатады, сосын кенеттен әлдене, былайша айтқанда, готикалық құбылыс, орын алады. Солай болған күні, жанартаудың атылғаны сияқты оқиғаға куә боласыз... Бұл оқиға, кісі өлтіру, өрт ...өте қорқынышты, өте қараңғы бірдеңе болуы ықтимал». Кейініректе берген сұхбатында Манро бұл готикалық оқиғаларды «үлкен кедергілер мен гротескілік қылмыс... Бұл жерде ылғи да сондай әлдене қайнап жатады» деп сипаттайды. Бұл «қайнап жатқан» өмірге, *Lives of Girls and Women* / «Қыздар мен әйелдердің өмірлері» атты әңгімесінде жергілікті жастар «балық сияқты» ішіп, «ақымақтар сияқты» көлік жүргізіп, шектен шығады. Нәтижесінде қанжоса әрекеттер орын алады. «Номе» / «Үй» әңгімесінің баяндаушысы да, өзі туып-өскен оңтүстік-батыс Онтариодағы, отбасылық фермаға оралысымен сондай жан түршігерлік жағдайларға куә болады: Сенбінің түндеріндегі ішкілік ішу кештері, ақырында өздерінің ішек-қарнын аршып, бастарын жұлып алып кететін оқиғаларға ұласады. Жерді кенеттен бөліп-жаратын, ырықсыз және қиратушы ашуда көрініс табатын, бұл жерасты күштерінің бейнесі, репрессияға қарсылық пен «қайнап жатқан өмірдің» метафорасы.

Каррингтонның Манро әңгімелерін топқа бөлуі

Каррингтон Манроның әңгімелерін талдау үшін, оларды мынадай төрт үлкен топқа бөледі және сипаттайды:

Әңгімелердің бірінші тобында әртүрлі кейіпкерлер жиынтығы бар: маңызды ер протагонистер және әйелдер де бар, олар бірінші жақтан да, үшінші жақтан да ұсынылады. Бұл кейіпкерлер сыртқы қатыгездікті бақылайды, кейде оған қатысады. Бұл ұрып-соғу мен кісі өлтіруга емес, балалардың өліміне әкелетін жазатайым оқиғалар. Әңгімелердің бұл тобында қасақана, не кездейсоқ қатыгездіктің көрінісі. Олар жерасты ағыстары сияқты, күнделікті әрекеттердің беткі қабатынан аяқасты жарып шығып жатады. Бұл қорқынышты жарылыстардың әсерінен кейіпкерлер өздерін, не өмірлеріндегі оқиғаларды қадағалау қабілетінен айырылады, бірақ кейін олар оны қайтарып алуға тырысады. Жарылыстардың бұл үлгісін Манроның 39 жылдық шығармашылығының өн бойынан табуға болады және ол «Махаббаттың барысы» кітабындағы «Қояншықтар» және «Майлс қаласы, Монтана» деген екі әңгімесінде шарықтау шегіне жетеді.

Екінші, хронологиялық тұрғыда ертеректегі әңгімелер тобы осы бөлімде қарастырылатын болады. Бұлардың бірінші жақ баяндаушысы ортақ, есімі аталмайтын кішентай қыз. Ол «Бақытты реңктердің билеуі» жинағындағы үш әңгімеде бой көрсетеді. Сонымен қатар, «Қыздар мен әйелдердің өмірлерінде» баяндаушы Дел Джордан ретінде қайта пайда болады. Сексуалдылық пен табиғи өлімнің құдіретін сезіп қана қоймай, оларды жекелеген қорқынышты синергетикалық комбинацияда түсінетін «Өзге жерде» әңгімесінің бақылаушы баяндаушысы сияқты, Дел адам өмірінің анықтаушы тәжірибелерін бір-біріне тығыз қатынаста деп қабылдайды. Бұлардың екеуі де ішкі күштер болғанымен, Дел оларды әлемдегі қорқынышты еркін әлеуеттер деп санайды. Бұлар – кейіпкердің өзі түсінуге тиіс және түсіну арқылы әлдеқалай бақылауға тиіс әлеуеттер. Сондықтан бақылауды жоғалту үрейі мен оны сақтап, не қайта иеленуге ұмтылыстың маңыздылығы – бұл әңгімелердің жоғарыдағы бірінші топпен бөлісетін тақырыптық ұқсастығын құрайды. Екі топта маңызды метафоралық ұқсастық та бар. «Бейнелер» мен «Бақытты реңктердің билеуі» де, Бен Джорданның қызы баяндайтын үш әңгіменің бірі. Бұл шығармалар қайталанып келетін метафоралық үлгімен өзара байланысқан, олар бірінші топтың кейінгі әңгімелерінде қайта қалқып шығады. Сексуалдылық пен өлімнің құдіретін электр қуаты және найзағаймен теңестіретін бұл үлгінің қызметі, ол Манроның қатыгездік жайлы әңгімелерде жиі пайдаланатын жарылыс үлгісінің қызметіне ұқсас. Олардың екеуі де ашық қабаттарды жарып, оның астында, астарында не жасырынғанын аршып көруге тырысады. Бұл ұқсас қызмет Манроның сексуалдылық, оның кейіпкерлерінің ұстамдылығына



қауіп төндіретін құдірет жайлы не нәрсені меңзейтінін түсіну үшін аса маңызды. Әңгімелердің бұл екі тобының арасында да маңызды айырмашылықтар бар, – деген пікірін Каррингтон былайша түсіндіреді: Бірінші топта Манро әртүрлі кейіпкерлерді пайдаланып, көзқарасын ертеректегі Дел оқиғаларынан гөрі күрделірек және анағұрлым ирониялық жолмен басқарады. Екінші топ, Дел әңгімелері, ол да тақырыптық және метафоралық тұрғыда әңгімелердің үшінші және төртінші топтарына байланысқан, олардың екеуі де Манроның бірінші жинағынан оның ең соңғы жинағына дейін және жинақталмаған әңгімелеріне дейін таралады. Бұл метафоралық және тақырыптық байланыстарды талдап, оларға баса назар аудару үшін, Каррингтон, Дел хикаяларын хронологиялық тәртіптен тыс талқылайды. Себебі Дел, сексуалдылық туралы да, өзінің шешесіне деген қатынасында да, ирониялық екіұдайы бейне және Манроның ең маңызды кейіпкері. Осы екіұдайлық пен оның әйел ретінде, Делдің бойында тудыратын терең ішкі қиындықтары, оны ертеректегі және кейінгі әңгімелерінде де баяндаушылар мен протагонистерге байланыстырады.

Үшінші топ, Манро сыртқы күштердің ақырғы қарапайымдылығынан гөрі ішкі қатыгездіктің психологиялық парадокстарына көбірек қызығатындықтан, үшінші топ ең үлкен топ дейді Каррингтон. Бұл негізінен, үстемдік құру үшін күресетін, билік болғанда да, сексуалдық қатынастарда, махаббат хикаяларында, некелерде үстемдік құру үшін күресетін кереғар кейіпкерлер жайлы. Бұл кейіпкерлердің ішкі осалдығын көрсететін ситуациялар қатарында кейде қартаю, не ұятқа қалу болмаса өлімнің жақындап келе жатуы да бар. Бұл кейіпкерлердің әлсіздігі олардың сексуалдық көріністерде, не өзгелер үстемдік құруға тырысатын, не ойлағандарын жүзеге асыру қолынан келмейтін көріністерде байқалып қалады. «Қыздар мен әйелдердің өмірлері» әңгімесі мен басқа әңгімелер арасындағы метафоралық байланыс сонда, романның шарықтау шегіндегі өзен көрінісіндегі секілді, үстемдікті жоғалту, не оған жете алмау көбінде суға кетумен теңестіріледі. Солайша, әңгімелердің бұл тобына үстемдік мәселесі, сексуалдық құштарлық, не сексуалдық басқарылудан туатын ұят мәселесі кіреді. Сол себепті кейіпкерлердің көпшілігі үстемдіктен бас тартқан, ұятты, аса кереғар әйел жынысты баяндаушылар. Дел сияқты, олардың кереғарлығы жартылай ер адамның үстемдігінде болғысы келуден, жартылай сол үстемдікке қарсы күрестен, өзін дәлелдеу үшін күрестен тарайды. Бұл әңгімелердің бірнешеуінің түйінінде, дегенмен үстемдік ететін кім? Ер ме, әйел ме? деген мәселе орынсыз. «Өзге жерде» әңгімесінің соңындағы оқиға секілді, үстемдік құратын – өлім. Алайда Манроның кейінгі жинақтарының бірі, «Махаббат барысында» бұл сұрақтың жаңа жауабы бар, себебі, ол, әйел кейіпкерлері әлі де кереғар болса да, мұнда ұятқа қалған ер адамдар да бар және үстемдік етуші әйелдер де бар. Бірақ үстемдік тұжырымы «Ақ үйінді» және «Бір түрлі кезең» сатиралық әңгімесінде ирониялық алдамшы болып бейнеленеді.

Әңгімелердің соңғы, төртінші тобы ата-аналар, көбінде аналар мен қыздар жайлы. Бұл әңгімелер үстемдікті жоғалтудан туатын ұят сезімін зерделейді. Бірақ бұл жоғалтулар, өзінің анасына байланып қалған қыздардың, сол қатынастан эмоционалдық қашықтыққа ие бола алмауынан туындайды. «Юпитердің айлары» немесе «Махаббат барысы» сияқты, ең соңғы жазылған, сүбелі әңгімелерінде ғана Манро, осы қыз-кейіпкерлеріне олар іздейтін эмоционалдық еркіндікті береді. Бұл әңгімелерде, қыздардың өздері орта жастағы аналарға айналған және өздерінің бойжетіп қалған қыздары бар кейіпкерлер.

«Манроның шығармаларының көбінде өлім төніп тұрады. Анасының өлімі Манро үшін, «жазмыш жайлы түсінік» қалыптастырды және «зор күнә» сезімін тудырды», – дейді ғалым. Осы қашып құтыла алмайтын жазмыш сезімі, өмірді бақылауға деген мәжбүрлігін тудырады. Манро: «Менің бәрінен де істегім келетін дүние, ол – заттарға қарап, олардың неге ондай екенін көру. Бұл үшін менде санаулы жылдар ғана бар. Мені құрайтын молекулалар жинағы мұнда ұзаққа қалайын деп тұрған жоқ», – деп жазады өзінің «Есім» атты еңбегінде. Бірақ көбінде оның кейіпкерлері аруақтар мен өлген адамдар. Оның шығармалары көп сыншылар атап көрсеткендей, аруақтар мен өлген аналарға ғана емес, сонымен қатар, кездейсоқ өлтірілетін балалар мен жастарға да толы. «Шоқындыру» әңгімесіндегі суға кетпеу үшін, жанын салатын Дел сияқты кәсіпкерлер ғана емес. Оның алты бірдей кейіпкері шын мәнінде де, өмірде суға батқан өлексенің тікелей, не метафорикалық бейнесі. Ол бейнелер «Қыздар мен әйелдердің өмірлерінен» бастап, «Махаббаттың барысы» мен «Менесетеунг-ке» дейін, әңгімеден әңгімеге көшеді. Сондықтан бұл өлімдер негізгі сюжет элементтеріне жатпаған күннің өзінде де, олар



алдыңғы шептегі кейіпкерлердің күресін шиеленістіре түседі. «Өлім уақытынан» бастап, «Тірі дененің мұралары» арқылы, «Мемориалға» және «Жазатайым оқиғаға» дейін, тіпті «Фергюсон отбасының қыздары ешқашан тұрмысқа шықпауы керек», «Майлс қаласы, Монтана», «Жалбарынушының шеңбері» сияқты соңғы әңгімелері де, қаралы оқиғаларға толы. Манро үшін өлім – өмірге «ұмтылуға» мүмкіндік беретін «бастан өткерудің... шиеленісті сәттері».

Қорыта айтқанда, Каррингтон Манро шығармаларын төрт үлкен топқа бөліп, олардың өзіндік ерекшеліктерімен қоса, өзара байланысына терең, әрі жан-жақты талдау жасайды. Сонымен қатар, зерттеуші ғалым Манро еңбектері жайлы мынадай түсініктеме береді: «Өлім Манроның шығармаларындағы жалғыз қайталанып келетін тақырып емес. Өзге қаламгерлердің шығармалары туралы айтқан кезде Манро өзінің шығармашылығын да сипаттайтын маңызды бір ой айтады: «Мен үшін, жазу деген бір кітаптан екінші кітапқа өсу, және әр кезде бір-біріне ұқсамайтын дүниелер жасайсың, оқырмандарға өз санаңның жаңа аймақтарын ашасың. Мен бұл құдды бір асылмалы басқыш сияқты деген пікірге келіспеймін. ...Сен қайта-қайта кері айналып, сол бір материалды қайталай қазып, оған түрлі жолдарда, бәлкім дәл бұрынғыдай қарауың керек және кейде бұл қолыңнан келеді, кейде келмейді».

Әңгімелеріне тән негізгі элементтер көрсететіндей, Манро «бір материалға» қайта айналып келетінін мойындайды: «Өмір бойы мен бір-біріне ұқсайтын хикаяларды жазып келдім», – дейді. Ол жасырын, бірақ қатаң өмір шындығына қайта айналып келеді. Кейіпкерлерінің «өмір – иелігімде» деген сеніміне қауіп төндіретін, белгілі бір жағдайлар жиынтығы, оның әңгімелерінде қайталана көрініс табады» деген тұжырым жасайды Каррингтон.